

# 2024 жылғы қаңтар-наурыздағы өнеркәсіп

Хабарлама күні: 2024 жылғы 17 сәуір  
Келесі хабарламаның күні: 2024 жылғы 17

- Түйінді тұстары
- Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері
- Глоссарий
- Әдістеме
- Жарияланымдарға қатысты сілтемелер
- Пайдалы сілтемелер

## 1. Түйінді тұстары

2024 жылғы қаңтар-наурызда Қазақстанда өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 103,8% құрады.


Өндірістің өсуі тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда – 1,9%, өңдеу өнеркәсібінде – 5,6%, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 5,5%, сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2,7% байқалады.

Өңірлер арасында едәуір өсу Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарында белгіленді.

## 2. Өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

2024 жылғы қаңтар-наурызда өнеркәсіп өнімдері 11523,8 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде кен өндіру саласында – 5368,5 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 46,6%), өңдеуде – 5122,2 млрд. теңгеге (44,4%).

### Өнеркәсіптік өндіріс индексі



### Серпінді кестелер:

[Қазақстан Республикасының қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индексі](#)

[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің өңірлер бөлінісінде көлемі](#)

### Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері

	2024 жылғы қаңтар-ақпан	2024 жылғы наурыз		2024 жылғы қаңтар-наурыз
		2023 жылғы ақпанға	2023 жылғы наурызға	
<b>Өнеркәсіп</b>	104,6	108,2	103,0	103,8
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	101,9	106,7	101,9	101,9
Өңдеу өнеркәсібі	107,4	111,1	103,8	105,6
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	104,9	97,4	106,2	105,5
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	103,8	104,5	101,6	102,7

Шикі мұнай және табиғи газ шығару (100,3%), металл кендерін (107,3%) өндіру салаларының және тау-кен өнеркәсібі қызметтерінің (109,4%) артуына байланысты 2024 жылғы қаңтар-наурызда тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда ӨӨИ 101,9% құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде 2024 жылғы қаңтар-наурызда 2023 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда ӨӨИ 105,6%-ды құрады. Өсу химия өнеркәсібі – 11,4%, металлургия – 4,3%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруде – 23,6%, машина жасауда -24,9%, өзге де дайын бұйымдарда 2 есе белгіленді.


Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда электр энергиясын өндіру, беру және тарату көлемдерінің 7,4% артуы есебінен ӨӨИ 105,5% құрады.

Сумен жабдықтау, суды бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; ластануды жою бойынша қызметте 2024 жылғы қаңтар-наурызда ӨӨИ 102,7% құрады. Ақаба суларды жинау және өңдеу – 2,2%, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру) 3,6% артты.

Өндіріс көлемінің өсуі республиканың 17 өңірінде тіркелді, төмендеу Ақмола, Жамбыл облыстарында және Алматы қаласында белгіленді.

### Өнеркәсіптік өндірістің индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге, пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



### Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасы өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

### 3. Глоссарий

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыс тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және өңделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

### 4. Әдістемелік түсініктемелер

Өнеркәсіптік өнімдер (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың жалпы мемлекеттік статистикалық бақылауларының бастапқы деректері ақпараттық база болып табылады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексін есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай

көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Іріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Неғұрлым толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Өнеркәсіптік өндірістің индексі есептеу Әдістемесі](#)

[Өнеркәсіптік өнімдердің \(тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің\) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме](#)

## 5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі»](#)

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды түрлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары»](#)

[Статистикалық бюллетень «Қазақстан Республикасында өнімнің \(тауарлардың\) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану»](#)

## 6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру және жөнелту туралы есебі» \(индекс 1-П, айлық\)](#)

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру туралы есебі» \(индекс 1-П, тоқсандық\)](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі/www.taldau.stat.gov.kz/Негізгі/Статистика бөлімдері/Өнеркәсіптік өндірістің статистикасы](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	<b>Департамент директорының міндетін атқарушы</b> И. Торғаутова Тел. +7 7172 749778	<b>Орындаушы:</b> С. Тілеуберген Тел. +7 7172 749309 E-mail: sy.tileubergen@aspire.gov.kz	<b>Мекен-жай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--